



СПИД – ғасыр дерті



ЖИТС (СПИД)

дегеніміз

Жүре пайда болатын

Иммунитет

Тапшылығы

Синдромы.

ЖИТС – ауру емес, ол тек басқа жұқпалы аурулар-дың жұғуына жағдай жасайды.

Яғни адамның қорғаныш қабілетін

төмендетеді.



Мерзімдер, деректер, оқиғалар

1983 жыл

Люк Монтанье (Француз) және Роберт Галло (АҚШ). Соңында АКТК деп аталған, бір-біріне тәуелсіз қоздырғыш ашты.

1987 жыл

ЖҚТБ бойынша дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ауқымды бағдарлама бекітті.

ЖҚТБ – БҰҰ - ның Ассамблеясы сессиясында талқыланған ең бірінші ауру болды. Қазақстанда ең алғаш рет АКТК мен жұқпаланған адамдар тіркелген.

1998 жыл

Желтоқсанның бірі күні дүниежүзілік ЖҚТБ мен күресу күні болып аталды.

1994 жыл

Қазақстан Республикасында ЖҚТБ ауруларының алдын алу туралы заң қабылданды.

1998 жыл

Женевада (Швейцария) ғылымдағы алға басуларға қарамастан, миллиондаған адамдар.

ЖҚТБ-дан дәрі – дәрімектердің қымбаттылығы және қол жетпейтіндігінен өлетін мойындалған.

ЖҚТБ бойынша XXII халықаралық конференция өтті.

ИНФЕКЦИЯ КӨЗІ

- Жұғу жолдары.
Медицинада дәлелденуі бойынша, ЖИТС-тің қазіргі кезде негізгі жұғу жолдары мынадай:
- жыныстық қатынас;
- вирустың бірден қанға түсуі (әртүрлі инъекциялар жасаған кезде т. б. жағдайларда);
- анасынан нәрестеге жұғу арқылы.



АИВ/ЖИТС-тің берілу жолдарының ақпараттық дәрежесі.

- Жалпы халықтың ішінде АИВ/ЖИТС туралы естігендер-89,4%. Олар АИВ инфекцияның қалай тарылуын біледі.
- АИВ/ЖИТС-тің негізгі берілу жолына жататындар мыналар:
 - **Жыныстық қатынас арқылы – 46%**
 - **Қан арқылы – 26,3%**
 - **Анадан балаға берілу арқылы– 12,5%**

* СПИД вирус арқылы жұғады. Ол вирустар көзге көрінбесе де, адамның қанындағы антиденелерді өлтіреді. Егер антиденелер өлсе, онда адамның иммундық жүйесі бұзылады. Ондай адамдар ауруға тез шалдығады. Жұқтырылған вирус өзін үш айға дейін ұстатпайды. Сондықтан оны тек дәрігер қанды толық зерттеген кезде ғана тауып алады.

* Арудың белгілері


* Инкубациялық жасырын кезең. 10-15 жылға дейін созылады, себебі вирус тасымалдаушылар 50% -ы сау адамға жұқтырады, өздері ауырмайды. Қалған 50% -ы вирусты жұқтырып алғаннан кейін дене температурасы $[39-40]^{\circ}\text{C}$ -қа көтеріліп, баспа 10-15 күнге дейін ісініп ауырады. Лимфаденопатия - ағзадағы барлық бездердің ісініп, қатаюуы. Ауру ұзақтығы 3 айға созылады. ЖИТС ауруына ұқсас кезең. Ауруға шалдыққандарда диарея байқалады, дене салмағы 10-15% – ға төмендейді, тершендік, ұйқысыздық, әлсіздік, тәбеттің болмауымен сипатталады. Нақты ЖИТС ауруы. Адамдар қатерлі ісіктерге шалдығады: кистозды пневмония, капоши саркомасы, Цитомегаловирус туғызатын мидың ісік ауруы.

- * Бірден адамда суық тиген синдромы байқалады. Жөтеледі, дене қызуы көтеріледі, басы айналып, тәбеті болмайды. Күретамырлары білеуленіп кетіп, 3 аптадан соң қайта басылады.
- * СПИДтің соңғы сатысы-өлім. Ол адам ауруға тез шалдыққыш келеді. Қандай болсын ауруға төзе алмағандықтан, өліп кетуі де бар.

* Аурудың арнайы емі жоқ, сондықтан барлық жүргізілген шаралар ауруды тежеуге және адам өмірінің сапасын шамалы болса да ұзартуға көмектеседі. Статистикалық мәліметтер бойынша Қазақстанда ЖИТС-пен ауратындар саны 1-ші орында Қарағанды облысы, оның ішінде Теміртау қаласы, 2-ші орында Павлодар облысы, оның ішінде Екібастұз қаласы, 3-ші орында Оңтүстік Қазақстан облысы оның ішінде Алматы, Шымент, Тараз қалалары.

- * Ал енді қай кездерде жұқпайды?
- * Амандасқанда, құшақтағанда, иіскегенде
- * Тамақты бір ыдыстан ішкенде
- * Бірге жуынып, орамалмен сүртінгенде
- * Ауа, су, ойыншық арқылы
- * Жәндіктер шаққанда
- * Есік, машина тұтқасын ұстағанда
- * Бірақ, сонда да әр адам өзінің жеке бас гигиенасын сақтауы керек.

ЖИТС-тің жұғу көздері және жұғу жолдары ДДҮ мәліметі бойынша АИВ жұқтырғандардың саны 2000 жылдан кейін 40—50 миллионға жетуі ықтимал. ЖИТС-пен ең көп науқастанушылар АҚШ-та, Батыс Еуропа елдерінде (әсіресе Франция, Германия, Ұлыбритания, Италия), Орталық Африкада, Гаитиде тіркелген. Вирус ТМД мемлекеттерінде, Жапония, Шығыс Араб елдерінде кездесе бастады.



ЖИТС жұғудан қалай сақтанады?

Эртүрлі инфекциялардан сақтанудың ең тиімді тәсілі — вакцина егу. Алайда вакцина дайындау бағытында тыңғылықты зерттеулер жүргізіліп жатса да, ондай профилактикалық препарат алу әзірше қолдан келмей отыр. ЖИТС-пен науқастанудан сақтанудың маңызды шаралары мыналар:

- әлеуметтік, халықаралық, мемлекеттік шаралар;
- **жеке басты қорғауға бағытталған шаралар.**

Оларға мыналар жатады:

— салауатты, әдепті өмір сүру;

— кездейсоқ жыныстық қатынастан және гомосексуалист, жезөкшелермен жақындасудан сақ болу (жыныстық партнер көп болған сайын ЖИТС жұқтыру қаупі арта түседі. Г. В. Сколубовичтің. (1989) айтуы бойынша, «Жыныстық тәртіпсіздік, нашақорлық және жезөкшелік — ЖИТС вирусын жұқтыру кепілі»);

— стерильденбеген немесе кездейсоқ біреудің шприцін, қайшысын, сақал алғышын және басқа да құрал-жабдықтарын пайдаланбау;

— әсіресе терісі, шырышты қабаттары зақымданған жағдайда бөтен біреудің қанымен, бөлінділерімен жанасудан абай болу;

— презервативті дұрыс пайдалану (ол ЖИТС-тен қорғайды);

— қан құйғанда немесе донор қанынан дайындалған препараттар қабылданғанда олардың АИВ-ке тексерілгеніне көз жеткізу (ол үшін қолданылған қанның сериялық нөмерін жазып алыңыз);

— маникюр, педикюр жасайтын құралдардың стерильдігіне көңіл аудару;

— ЖИТС вирусын жұқтырып алдым-ау деген күмәнді жағдайда міндетті түрде дәрігерге көріну. Кез-келген азамат АИВ-инфекциясының жұққан-жұқпағандығын анықтау үшін Алматыда, Астанада, еліміздің басқа да ірі қалаларында орталықтарында ашылған лабораторияларға барып тексерілуіне болады.

Қазақстанда ұйымдастырылған жұмыстар

* Қазақстан Республикасында тұратын не ұзақ мерзімге жұмыс атқаруға келген әрбір шет ел азаматы Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығын сақтау туралы» заңына сәйкес ЖИТС вирусының жұққан-жұқпағандығын анықтау үшін медициналық куәлендіруден (тексерістен) өтуі тиіс. ЖИТС-пен ауырған не вирусін тасымалдаушы шет ел азаматтары Республика аумағынан шығарылып жіберіледі, ал еліміздің азаматтары емделуге, кешендік тексерістерден өтуге міндетті.

Қазіргі кезде республикамызда ЖИТС-тен қорғану жөнінде жұмыс жүргізетін 20 орталық және 80 лаборатория бар. Олардың жұмыс бағыттары мынадай:

1. Вирус жұғу мүмкіндігі бар «қатерлі топтарға» (группы риска) жататын адамдарды тексеріп, вирус жұққан адамдарды дер кезінде тауып отыру;
2. Ауру ошағын анықтап, дәрігерлік бақылауға алып, вирустың әрмен қарай тарауына, яғни басқа адамдарға жұғуына мүмкіндік бермеу жұмыстарын ұйымдастыру.

**КЕЗ-КЕЛГЕН АЗАМАТ АИВ-
ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ
ЖҰҚҚАН-
ЖҰҚПАҒАНДЫҒЫН
АНЫҚТАУ ҮШІН
АЛМАТЫДА, АСТАНАДА,
ЕЛІМІЗДІҢ БАСҚА ДА ІРІ
ҚАЛАЛАРЫ МЕН ОБЛЫС
ОРТАЛЫҚТАРЫНДА
АШЫЛҒАН
ЛАБОРАТОРИЯЛАРҒА
БАРЫП ТЕКСЕРІЛУІНЕ
БОЛАДЫ.**



Денсаулық – зор байлық



Экологияның
әсері

Дұрыс
тамақтанбау

Тұқымқуалау
шылық

Зиянды әдеттер

Салауатты
өмір салтын
ұстанбау



**«Халықтың денсаулығы –
ел дамуының
аса маңызды тұтқасы,
болашағымыздың кепілі»**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев



*Назар аударып
тыңдағандарыңызға
а рахмет!!!*